



**АСТАНА**

**АКШАМЫ**

## ТАРИХИ ЖАДЫНЫ ЖАҢҒЫРТҚАН ЖАЗУШЫ



«Қазақстан» ұлттық аринасының бір кезде көрермендер қызыға тамашалаған, жазушы Жұмабай Шаштайұлы жүргізген «Ұзенгі жолдас» бағдарламасы болды. Сұхбат түріндегі телетуындыға небір жақсы мен жайсандар шақырылып, мәнді де мағыналы әңгімелерді шертетін. Сондағы бір эпизодты еске алсақ: жүргізуші өзіне қарана-қарсы жайғасқан партизан-жазушы, Халық қаһарманы Қасым Қайсеновке ұлттымыздың аты аңызға айналған перзенті Бауыржан Момышұлы жөніндегі сұрақты қояды. Жауаптан тосылмаған тарланбоз: «Сендердің Әзілхан Нұршайықов деген жазушыларың бар ғой. Сол Баумен ауруханада жатқанда, көнілін сұрай барған Қасым Қайсенов дәрігерлер кіргізбеген соң қоршауды бұзып кіріпті деп жазыпты. Ондай уақиға мүлде болмаған» деген еді «Ақиқат пен аңыз» кітабындағы бір үзіндіні жаңғыртып.

Бұдан шығатын қорытынды – көркем шығармада жазылғанды тарихи факт ретінде қабылдауға болмайды. Және тарихи тақырыпқа қалам тербереген жазушыны жазғаныңың арасына жалғандық қостың деп жазғырудың да жөні жоқ. Көркем шығарма – ғылыми дәйектелген дүние емес. Оны жазған қаламгерге қойылатын басты талап – көркемдік пен оқырманның санасын сілкіндіру, жүрегін жандыру. Осы үш талапқа жауап берген туындыға ғана төрт аяғын тең басқан деген теңеуді қиуога болады.

Десек те, нақты өмірде болған тұлғалар жайлы жазылған шығармадағы уақиғалар желісі тұтасымен ойдан құрастырылған деп те айтуға келмейді. Онда да ақиқаттан алшақ кетпейтін тұстар молынан кездеседі.

Мұндай ойға бізді бейсенбі күні Бейбітшілік және келісім сарайында құрсаулы заманда жеті жүз жылдық тарихымызды тірілткен көрнекті жазушы Ілияс Есенберлиннің 100 жылдығына орай өткізіліп, Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Көркем шығармадағы тарихи шындық» атты жиын жетеледі. Халықаралық Түркі академиясы ұйытқы болған шарада еліміздің қабырғалы қаламгерлері мен тарлан тарихшылары бір үстелдің басына жиналышп, толғағы жеткен тақырыпты жан-жақты қаузады. Басқосудың тізгінін ұстаған академия президенті Дархан Қыдырәлі айтқандай, бұған Қой жылдының қарсаңында халықаралық ұйымның жұмысымен танысқан Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықованың қолдауы серпін берді. Жиын барысында не айтылды, қандай мәселелер көтерілді? Оны төменде келтірілген пікірлерден білесіздер.



### Құныпия АЛПЫСБАЕВ, филология ғылымының докторы:

– Қазақ хандығының тарихы осы соңғы отыз-қызық жылда Ілияс Есенберлиннің есімімен байланыста айтылыш келеді. Кешегі социализм дәуірінде қазақтың шын реалистік тарихын жазуға мүмкіндік болған жоқ. Сол жағдайда ұлттық болмысты, ұлттық рухты халық санасына сініруді мақсат еткен Ілияс Есенберлин бұл тақырыпқа барды. Ол мақсаты орындалып, Қазақ хандығы заманындағы өмір суреттері халыққа жетті.

Есенберлин қажырлы қайратыменен және терең біліміменен тарихты зерттеп, бүтін халықтың рухын көтерді. Алғашқы «Қаһар» романы қазақ қоғамына ерекше сілкініс әкелді. Өйткені, ол жабулы тақырып болатын. Бұл тақырыпты жазған Ермұхан Бекмаханов кезінде 25 жылға сотталған.

Сондықтан бұл тақырыпқа өзге ешкімнің дәті бара алмай жатқанда Ілияс Есенберлин қалам тербеді. Және одан оң нәтиже шығарды.

Роман шыққан кезде студент едік, жатақханада жарыса оқыдық. Сол сәттерде «Қаһарды» қаладағы студенттер ғана емес, ауылдағы қойши да қызыға оқығанын көзіміз көрді. Сол кезден бастап біздің тарихқа деген көзқарасымыз өзгерді. Әдеби ортада ол дүмпу туғызды. Ілияс Есенберлин жазған «Көшпендерілер» трилогиясының басы осы роман Қазақ хандығының тарихы болатын. Оны халық санасында ұлттық рухты орнықтыруға үлкен ықпалын тигізген шығарма деп айттар едім.

### **Қойшиғара САЛҒАРАҰЛЫ, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы-ғалым:**

– Бір-ақ ауыз сөзбен қатырып айтатын Қадыр Мырза Әлінің Ілекен жөнінде: «Есенберлин Ілияс қызық еді, Ерейменнің сілемі, үзігі еді. Арктика мұзындағы тақырыпты, Алғаш рет бір өзі бұзып еді» деген жыр жолдары бар-тын. Шын мәнінде солай болды. Ілияс Есенберлин бұған дейін сіресіп жатқан тоңды бұзып, өзінен кейінгі қаламгерлерге қазақ тарихына апарар жол салып берді.

### **Сейіт ҚАСҚАБАСОВ, әдебиеттанушы ғалым, академик:**

– Қай тарихи шығарманы да тарихтың көшірмесі деп айтуға келмейді. Шындал келгенде, әдебиет дегеннің өзі – жазушының ішкі ойын, сезімін көрсету, білдіру. Оның өмірге деген көзқарасы. Әдебиеттің өзі субъективті дүние. Ақын болсын, прозаик болсын шығармасы арқылы өмірдегі бүкіл құбылысты жинақтап әкеліп, өзінің ұғымы бойынша береді. Тарихи кейіпкер мен әдеби кейіпкерді тең қоюға болмайды ешқашан. Бір ғана мысал келтірейін: ұлы Мұхан суреттеген, бәріміз білетін Құнанбайдың образын алайық. Янушкевич оған данышпан, шешен, әділ деген баға береді өз еңбегінде. Бір сөзбен айтқанда, жақсы суреттейді. Ал, Мұхаңның көзқарасы оған мұлде керегар. Мұхаң әке мен баланың проблемасын алға шығарды. Сонда Құнанбай – ескіліктің өкілі болды, Абай – жаңа заманның адамы.

Сол сияқты Ілияс Есенберлин «Қаһарындағы» Кенесары шынайы өмірдегі Кенесары емес. Кенесарының фольклордағы образын мен зерттедім, онда ол – идеал. Ал, Есенберлин оны өз ұғымынша беріп отыр. Тарихи шығарма өз алдына, ол ешқашан тарихи еңбекті ауыстыра алмайды. Бірақ, оқырманға ой салады. Көркем әдебиеттің күші адамға әсер етуінде. Мысалы, 1986 жылғы желтоқсандағы көтеріліс. Ол қалай болды? Біздің буын кезінде ондайға бара алмады. Біз жасымызда «Абай жолын» оқыдық. Ал, көтерілісті жасаған буын Ілияс Есенберлиннің «Көшпендерілерін», Әбіш Кекілбаевтың «Елен-алаңын»,

Мұхтар Мағауиннің «Аласапыранын», Софы Сматаевтың «Елім-айын» оқып, тарихи санасын өсірді. Сол шығармалардан рух алып, алаңға шықты.

Жалпы, тарихи тақырыпқа қалам тербеген Ілияс Есенберлин – қазақ романдарын, қазақ прозасын биікке көтерген тұлға. XIV ғасыр мен XIX ғасыр аралығын, бес ғасырды түгел қамтыған трилогияда ол қазақ халқының қалай дүниеге келіп, қалай өсіп, дамығанын көрсеткен. Керей мен Жәнібектен бастап, кешегі Кенесарыға дейінгі тарихты сөйледті. Біздің ұлттың, әсіресе, Кенес кезінде ұлттық санамызың оянуына тікелей әсерін тигізді.

## **Жабал ЕРГАЛИЕВ, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, жазушы:**

– Елбасымыз айтқан ұлттық код тарихи сана арқылы сақталады. Ілияс Есенберлиннің «Қаһары», «Алмас қылышы», «Көшпенділері» – Қазақ совет әдебиеті дәүірі кезеңінен бері «Абай жолынан» кейінгі әдебиетіміздің ары менabyroay. Бұгінгі күні бірінші кезекте Ілияс Есенберлиннің қайраткерлігі, ұлтжандылығы, кеменгерлігі аталуы керек.

Біз Парламентте осыдан бір жарым жыл бұрын жазушының 100 жылдығын ЮНЕСКО шеңберінде атап өту жөнінде ұсыныс енгіздік. Үкімет соны қолдап, тиісті қаулы шығарды. Көкшетау өнірінде, Ақмола облысының төңірегінде Ілияс Есенберлиннің 100 жылдығын өткізуге үлкен дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Ілияс Есенберлиннің туған жері – Атбасар қаласында жазушының музейі бар. Тозыңқырап тұрған оны барып көргенбіз. Оған облыстық бюджеттен қаржы болінді. Музей жөндеуден өткізіледі. Сосын Атбасар қаласында жазушының бюстін қою мәселесі қолға алынып жатыр.

Оның кейіпкері – Кенесарының Көкшетауда ізі жатыр. Алдыңғы жылдары «Кенесары жүрген іздермен» атты экспедициялар үйымдастырылды. Өнірде қазақтың соңғы ханының атымен аталатын ауылдар бар. Кенесарының үңгірі қалпына келтіріліп, сол жерде тарихи ескерткіштер қойылды. Жалпы, тәуелсіздігіміздің арқасында Абылай мен Кенесары есімдерінің қайта оралуы халықтың рухтануына, қанаттануына үлкен әсер берді.

Бірақ, Ілияс Есенберлиннің 100 жылдығына орай Атбасар қаласында үлкен жұмыстарды жүргізуге тиістіміз. Өйткені, халық ол қаланы кешегі тыңың қақпасы ретінде ғана біледі. Алайда, Атбасар жалғыз Ілияс Есенберлин дүниеге келген қала ғана емес, онда қазақтың үлкен тарихы жатыр.

## **Отеген ОРАЛБАЙҰЛЫ, ҚР Мемлекеттік хатшысының көзесшісі, ақын:**

– Соңғы жылдары рухани өмірімізде көптеген жақсы жаңалықтар болып жатыр. Биылғы мерекелік жылдың біз үшін маңызды оқиғасы – Қазақ хандығының 550 жылдығы. Президент әкімшілігінде ішкі саясат саласы бойынша осы жалпыұлттық мерекені атап өту жөнінде іс-шаралардың ауқымы белгіленді.

Ілияс Есенберлиннің «Қаһары» шыққан кезде қоғамның өзі оған дайын болмады. Әр түрлі пікірталастар жүрді. Менің есімде сол кезде «Социалистік Қазақстан» газетінде Зейнолла Серікқалиевтің «Тарихи шындық бурмаланбасын» атты сын мақаласы жарияланды. Осыған байланысты Қазақстан Жазушылар одағында үлкен талқылау болды. Сол кезде Ілекен одактың екінші хатшысы еді. Мен газеттің тілшісі ретінде барып, одан осы мәселе жөнінде сұхбат алғанмын. Кірсем, қатты реніш үстінде отыр екен.

Шығарма бүкілхалықтық қолдауға ие болғаннан кейін сын пікірлердің арнасы басқаша бұрылып, Ілияс Есенберлиннің пайдасына қарай шешіле бастады. Алдағы уақытта да Ілияс Есенберлин бастап жазған тарихи шығармаларымызға жаңаша көзқараспен қарап, олардан өзімізге қажет, ұлттық идеологиямызға сай келетін тұстарын алып, ұпактың тарихи санасын жаңғыруға жұмсауымыз керек.

Француздың атақты жазушысы Андре Моруадан бір тарихшы сұрапты: «Осы тарихты ең көп кім өзгерту? Цезарь ме, әлде Наполеон ба?» деп. Сонда Моруа: «Тарихты тарихшылардың өздері көп өзгерту» деп жауап беріпті. Сол айтқандай, кейінгі жылдары өмірге келген тарихи романдарымыздың барлығын нақты оқулық деп қабылдамаймыз. Бірақ, оларды тарихқа нақты жол салатын мәселе деп қабылдауымыз керек. Ілияс Есенберлиннің тарихтағы ролін айта отырып, мактана отырып, мактай отырып, осы тақырыпқа кейіннен баратын жастарға жол ашуымыз керек. Қазір көріп жүрмін: жастарымыз өзінің ұлттық тарихына, салт-дәстүріне селкос, немікүрайлы қарап келе жатыр. Осыдан қатты сақ болуымыз қажет.

## **Қажығали МҰҚАМЕТҚАЛИҰЛЫ, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы:**

– Бүгінгі әнгімеде тек Ілияс Есенберлиннің тарихи шығармалары туралы ғана айтып емес, жалпы біздегі осы тақырыпқа жазылған шығармалардың ауқымын толық қамтып, соның басына Ілекенде қойып сөзімізді сабактасақ,

салиқалы әңгімеге жүргізе аламыз деп ойлаймын. Ешкім дауласпайтын бір ақиқат – ол Есенберлин біздегі тарихи тақырыпты бірінші көтеріп, ұлттың санасында үлкен тарихи тұлғаларды тірілтті.

Ілекең тарихи тақырыпты көтеру арқылы ұлттық рухты көтерген. Басқосуымызда осы жағына назар аударуымыз керек. Осы тақырыпқа өзімнің де қатысым болғандықтан айтайын – бұл тақырыпты жазу өте қыын. «Тарихи шығарма жазу деген – әлдеқашан көшіп кеткен елдің жүртіндағы жерошақтан бір жылтыраған, құйттай шоқ тауып алып, соны қайтадан үрлеп от тұтатқанмен бірдей» деген ұлы Мұханың сөзі бар. Шындығында да, әлдеқашан өтіп кеткен тарихты тірілту үшін жалықпай іздену керек. Тапқан деректерді егжей-тегжейлі тексеру керек. Ой елегінен өткізу қажет. Ондай қыындықтардың бәрі Ілекенің басынан өтті. Бірақ, оның артықшылығы – тез арада көп шығарма жазды. Ең бірінші «Қаһар» романын шығарды. Және өз басым барлық романдарының ішінде көркемдік жағынан осы «Қаһарын» ең жоғары шығарма деп есептеймін.

Кенесары туралы тарихи еңбекті бірінші Ермұхан Бекмаханов жазды. Көркем шығарма десеніз, Мұхтар Әуезовтің «Хан Кенесі» бар. Бірақ, олардың заманы сәйкес келмеді. Олардың заманында мұны айтуға болмады. Сол кезде шығармашылық адамдарының ауызы буулы болатын. Ілекең оны жазғанда қоғамдық ойдың оянған кезеңі болатын. Мынаны есте ұстаяға тиістіміз – кез келген тарихи шығарманың жазылуына сәйкес жағдай тууы керек, оның уақыты келуі керек.

### **Несілбек АЙТҰЛЫ, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын:**

– Ілекең кезінде өлең жазса да, оны Ілияс Есенберлин ретінде романдары танытты. Оның сыры – мұқалып қалған жігерді, тапталып қалған намысты оятуында жатыр. Кенесары XIX ғасырда қаруымен қандай сілкініс тудырса, Ілиястың «Қаһар» шыққан жылы ұлттық сананы сілкіндіруі одан кем болған жоқ. Біз 1969 жылы оқуға келгенде Ілекенмен кездесу өткіздік. Сондағы ғажапты айтайын: біздің факультет қана үйымдастырған кездесуге бүкіл Алматының студенттері келді. Ине шаншар жер жоқ, аудитория жайына қалды. Бұл – әдебиеттің күші.

Ілияс Есенберлиннің шығармалары дегенде Дінмұхаммед Қонаевтың еңбегін айтпай кетуге болмайды. Жылымық кезеңі болса да Ілиясқа түрлі қарсылықтар, тіпті, жазушылардың өздерінің арасында Есенберлинге пендешілік кедергілер келтіргенін ашық айтуға тиістіміз. Сосын биліктегі қарсылықтар... Осының бәріне төтеп беруге, осының бәрін жеңіп шығуына себеп болған – Қонаев. Екеуінің арасындағы адами қарым-қатынастардың осыған әсері болды деп ойлаймын.

Был Илияс Есенберлиннің 100 жылдығы Қазак хандығының 550 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Мұны Құдайдың өзі жоғарыдан реттеп қойған сияқты. Қазір ұлттық тәрбие аяу жайылып бара жатқан кезде Есенберлин романдарының мән-мағынасы арқылы үрпақты тәрбилий аламыз. Оның шығармаларында қаншама батырлардың аты аталады! Мысалы, өзіміз Ағыбай батырды «Қаһар» романынан білдік. Оған дейін ондай батыр бізге беймәлім еді. Сондықтан Есенберлиннің насиҳаттай беру керек. Оның рухы халқымызбен бірге жасай беруі тиіс.

### **Жамбыл АРТЫҚБАЕВ, тарих ғылымының докторы:**

– Жазушы шығарманы көркемдік қиялмен ғана жазып шыға алмайды. Тарихи тақырыпты алып шығу үшін ол зерттеуші болуы керек. Немесе оның алдында сол тақырыпқа ғалымдар түрен салуы тиіс. Илияс Есенберлиннің алдында Ермұхан Бекмаханов бұл жолмен жүріп өтті.

Тарихшылардың ішінде Илияс Есенберлинге Әлкей Марғұлан да әсер еткен сияқты. Себебі, Есенберлиннің орысша шыққан «Кочевники» кітабының алғысөзін Марғұлан жазған. Есенберлинге «ана деректі қара, мына құжатты шолып шық» деп бағыт берген Әлкей Хақанұлы сияқты көрінеді де тұрады маған. «Қаһардың» рухы да соны айтатын секілді.

«Атбасарды көтеру керек» деген ойға қосыламын. Онда Орманбет ханның ордасы бар. Былтыр сонда барып, Ілекенің музейіне кіріп шықтым. XIX ғасырда казақ-татар көпестері салдырған бір керемет ағаштан қызып жасалған мешіт те сол манда. Алайда, қазіргі кезде қор боп, кеуіп, қаңсып тұр. Кезінде дүрілдеп тұрган Атбасар той. Патша заманында Атбасар жәрменкесінен күшті жәрменкесінен сирек болатын бізде. Оған Германияның көпестері Бағаналының қойын аламыз деп келетін. Телеграф болған ол жерде.

### **Тұрсынхан ЗӘКЕНҰЛЫ, тарих ғылымының докторы, жазушы:**

– Қазақ тарихында Илияс Есенберлин сияқты қадау-қадау тұлғалар біздің рухани өмірімізге, тарихи санамызға әсер етті. 1958 жылы осы кісінің бір шығармасы қытай тіліне аударылды. «Песня о человеке» деген 1956 жылы орыс тілінде шыққан кітабы екен. Сексенінші жылдардың аяқ кезінде оның шығармалары Үрімшіге жетіп жатты. Ол жақтағы қазақтардың рухани әлеміне үлкен сілкініс әкелді. Өзім туралы айтсам: ол кісінің шығармаларын іздең жүріп, сұрап жүріп оқыдым.

Жалпы, адамның рухани әлеміне әсер ететін бірнеше фактор болады екен. Бірі – музика. Бізге бұл тұрғыдан Нұрғиса Тілендиевтің әсері мол болды.

Тарихи кеңістікте Әлкей Марғұлан өзімізге әсер етті. Ол кезде шындығына келгенде Ермұхан Бекмахановты білмейтін едік. Ал, Қазақ хандығының құрылу тарихын Ілияс Есенберлин ерекше суреттеген деп білеміз. Есенберлин жазған Кенесарыны кейінгі кезде дұрыс насиҳаттай алмай отырмыз. Есенберлин дәстүрі әрі қара жалғанбай қалған сияқты...

**Жыында, сондай-ақ, Ілияс Есенберлин жөнінде жақында сүбелі еңбекті шығарған Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары, тарих ғылымының кандидаты Амангелді Қашқынбаев өз пікірлерін жеткізді. Жазушының немересі Мағжан Есенберлин атасын ұлықтап жатқан Халықаралық Түркі академиясына әulet атынан алғысын білдірді.**

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**